



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 07 (7794)
Сәрсенбі,
28 қаңтар 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

■ Әкімдер есебі

АУЫЛ ТАҒДЫРЫ - ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨЗ ҚОЛЫНДА

Ауылдық округтер әкімдерінің халықтың алдында есеп беру кездесу кестесіне сәйкес, Мойылды ауылында тұрғындар жиыны болып өтті. Катонқарағай ауылдық округіндегі ең шеткері, өзге елдімекендерге қарағанда инфрақұрылымы төмен, болашағы бұлыңғыр ауыл болып саналатын Мойылдының қалған жұртын (26 отбасы) босағадан еніп тұрған дағдарысқа қарсы күш-қимыл жасауға жаппай жұмылдыру мақсатымен бұл кездесуге аудан әкімі Қалиқан Байғонұсовтың өзі келіп қатысты. Ауыл әкімі А. Балтабаевтың есептік баяндамасымен мойылдылықтар аудандық газет арқылы күнібұрын таныс болғандықтан жиынға қатысушылардың келісімімен оны қайталап оқып, босқа уақыт алып жатудың қажеті жоқ деп шешілді. Оданда өткен ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдардағы деңгейінен халық саны екі-екі жарым есе азайып кеткен, үлкен тарихы бар ауылды қайткен күнде жойылу-дан аман алып қалу жолдарын бірлесіп іздеуге көбірек уақыт бөлу маңыздырақ деп есептелді. А. Балтабаев өткен бір жыл ішінде ауылдық округте атқарылған негізгі жұмыстарды әлеуметтік саладағы «Жол картасы-2020 бағдарламасы бойынша жүргізілген құрылыстарды, еңбекке жарамды азаматтардың жұмыспен қамтылу жағдайын, ауылшаруашылығы өндірісін дамыту, мал басының өсімін қамтамасыз ете отыра тұқымын асылдандыру сияқты негізгі көрсеткіштерді қысқаша айтып, саралап берген соң, әңгіме желісі еңбекке жарамды тұрғындардың жұмыспен қамтылуы, демографиялық жағдайды жақсарту, жергілікті мектепке төніп тұрған жабылу қаупін жою сияқты келелі мәселелер талқыланды. Аудан әкімі Қалиқан Байғонұсовтың Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өндіріс тиімділігін арттыруға, бюджет қаржысының үнемді, мол қайтарымен жұмсалыуына бақылауды күшейту жөніндегі талабын орындаудағы жұмыстарының есебімен об-

лыс орталығына барып, аймақ басшысы Даниял Ахметовтың алдында болғандығын айтып өтті. Соның ішінде Мойылды мектебін жаңа оқу жылының басына дейін жапқызбай алып қалғанын, егерде алдағы уақытта ауылдағы демографиялық жағдай осы күймен жалғаса беретін болса, білім

жүйесін сақтап қалуға еш мүмкіндіктің жоғын бүкпесіз ашық айтып, көпшілікті ескертті. Мектеп жабылса онда ауылдың да ғұмыры ұзақ болмай-тыны белгілі. Мұндай жағдайға жеткізбес үшін бүкіл ауыл бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара еңбек етіп, туындаған мәселелерді бірлесіп шешу керек. Бұған мойылдылықтарда мүмкіндік те, уақыт та бар. Ауылда тұрып мал өсіріп, ара ұстап

кәсіпкерлікпен айналысамын, демалыс орындарын салып, туристерге кешенді қызмет көрсетемін дегендердің де ешкім қолынан қақпайды. Керісінше, оларға мемлекет, жергілікті басшылар тарапынан әртүрлі қолдау-көмектер көрсетіледі. Бұған мысалды алыстан іздеп қажеті жоқ. Өздерімен бір ауылда тұратын Бейбіт Жүнісов, Мәлік Имашев, Тілеу Алпысбаев сияқты азаматтар өздерінің жеке шаруашылықтарын құрып, мемлекеттен жеңілдетілген несие алып заман ағысымен аяқтарын тең басып отыр. Өкінішке орай, бұл үш азаматтан өзге тұрғындар тарапынан өмірге деген талпыныс жоқ. «Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады». Ауылдағы кейбір жас келіншектердің еріншек болып кеткендігі сондай үйдегі сиырларын да саумай, бұзауларын емізіп қоя береді де, өздері ата-аналарының

зейнетақыларына, балалардың жәрдемақыларына алған тиын-тебенді дүкеннен сүт, айран алуға жұмсайды. Шалғай ауылда тұратындардың да өзін-өзі жұмыспен қамтып, әлеуметтік мәселелерін өз күшімен шешудің жолы көп. Соның бірі - сүт өндіріп сату. Аудан басшылары



тұрғындарға бұл мүмкіндікті де жасағалы отыр. Қазір ауданда, әрбір ауылдық округте жекеменшік мал иелерінен алдағы наурыз айынан бастап сүт қабылдауға ұйымдық жұмыстар жүргізілуде. Оған дейін әрбір отбасы өз мүмкіншілігін екішөп, тиісті орындармен келісім-шартқа отыруы керек. Катонқарағайдың әсем де сұлу табиғатына қызықпайтын, оның аясында дем алуға көксемейтін жан кемде-кем. Яғни, Өр Алтайдың тұмса табиғаты туризмді дамытуға, демалуға келген туристерге жоғары деңгейлі қызмет көрсетіп табыс табуға өзі-ақ сұранып тұр. Ендеше мойылдылықтарға ерке өзен Бұқтырманьың жағасына неге сондай демалыс орынын салып, өз бизнесін ашпасақ? Бір сөзбен айтқанда ауылдың ендігі тағдыры-тұрғындардың өздерінің қолында. Олар нарықтық жағдайға қалай бейімделіп, келіп

қалған дағдарысқа күш-мүмкіндіктерін біріктіріп қарсы қалай тұра алады солай ауыл тағдыры шешіледі.

Катонқарағай кенттік полиция бөлімінің участкелік инспекторы Досан Әділов тұрғындар алдында берген есебінде Мойылды ауылы осы округтағы ең тәртіпті, ең берекелі елдімекен екендігін атап өтті. Оның айтуынша, есепті мерзім ішінде Мойылдыда бірде-бір рет қоғамдық тәртіптің бұзылуына, мал ұрлығына тағы басқа да қылмыстарға жол берілмеген.

Жиынға Катонқарағайдан арнайы келіп қатысқан Баян Бәзілбекова өзінің кәсіпкерлікті қалай, неден бастағанын, кездескен қиындықтарды қалай жеңіп бүгінгі деңгейіне жеткендігін әңгімелеп отырғандарды еш нәрседен қорықпауға, алға ұмтылуға, келешекке сеніммен қарауға шақырды. Сонымен бірге ол бұдан былайғы уақытта мойылдылықтарға сауда қызметін көрсетіп, нарықтық бағадан төмен бағамен ең бірінші кезектегі тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түліктерді әкеліп тұруға сөз берді.

Ауыл тұрғындары атынан сөз сөйлеген Катонқарағай МҰТП (Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің) орманшысы Марат Құсайынов, мектеп директоры Анар Алпысбаева, зейнеткер Халел Мамырханов, мұғалима Жаңыл Құсайынова ауыл, аудан басшыларына өздеріне жасап отырған қамқорлықтары үшін зор алғыстарын айтып, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған биылғы Жолдауын толық қолдайтындығын, оған нақты істерімен жауап беретіндіктерін білдірді. Сонымен бірге олар, әкімдерге өсірген малдарын сатудағы тезіп отырған қиыншылықтары мен шығындарын айтып, көмек сұрады. Ауыл көшесіне жарықшамдар орнатылса деген тілектерін айтты. Жиынға қатысушылар бұл өтініштеріне де басшылардан толыққанды жауаптар алды.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.

■ Маусым тақырыбы

Берекесі тасыған шаруашылық

Астық өнімі мен мал азығының даярлануы, жалпы аудандағы шаруа қожалықтарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен жай-күйін оларды басқарып отырған адамдардың өз ауыздарынан естіген жөн. Таңдауымыз Солоновка ауылында орналасқан «Адал» шаруа қожалығына түсті.

Нұрлыбек Қараталов басқаратын «Адал» шаруа қожалығы Солоновка ауылдық округіндегі ісі оңынан басқан шаруашылықтардың қатарында.

Нұрлыбек Қасайынұлы Солоновка ауылының тумасы. Еңбек жолын сол кездегі жергілікті кеңшардан бастаған ол, бүгінгі күнге дейін ауылшаруашылық өндірісінен қол үзбей келеді. 1999 жылы ол өзінің жеке шаруа қожалығын құрады. Бүгінгі қожалық басшысы шаруашылық жұмысын бастағанда көптеген қиыншылықтарды бастан өткергендігін еске алады. Арада біраз жылдар өтіп, шаруа қожалығын дамыту үшін, қолда бар қажетті материалдық-техникалық құрал-жабдықтарды пайдаланғанның арқасында ғана қожалық аяғынан нық тұрып, ел қатарлы болып, жақсы нәтижелерге қол жеткізе бастады.

Қазіргі уақытта Нұрлыбек Қараталовтың шаруа қожалығының еншісінде 500 гектар егістік, 1000 га шабындық жер, Зырян ауданынан әкелінген симментал тұқымды 180 бас ірі-қара мен Семейден сатып алынған 10 бас жылқы тұқымы, сонымен қатар, онға жуық әртүрлі ауылшаруашылық

техникалары, мысалы, жаңа «Беларус» маркалы төрт трактор, бір «К-700», екі «Нива» комбайны, бірнеше жүк тасымалдағыш көліктері және басқа да шаруашылық құрылғылары бар. Жаңа техника түрлерін шаруа қожалығы 2008 жылы «Қазагроқаржы» АҚ –нан лизингке алған.

Біз фермаға атбасын тіреген күні барлық техника шаруа қожалығының аумағында тұр екен. Өткен жаз маусымында сапалы, әрі уақытылы ұйымдастырылған егістік жұмыстарының арқасында «Адал» шаруа қожалығы айтарлықтай мол өнім түсірді.

Мысалы, күнбағыстың – әр гектарынан 18 центнер, бидайдан – 22, сұлыдан – 18, жем – 200 центнерден алынды. Орама шөп тайлағышпен жиналған және ма-яда үйілген 300 тонна пішен ферманың арнайы қоршауында тұр. Сонымен қатар, қысқы мерзімге 1000 центнер сабан мен 300 тонна сүрлем де өзірленген. Нұрлыбек Қасайынұлының айтуынша, жиналған жем-шөп қоры биылғы қыстан аман шығуға әбден жетеді, тіпті, келесі жылға да қалатын азық бар дейді.

2012 жылы шаруа қожалығы мемлекеттік «Сыбаға» ауылшаруашылығы бағдарламасы бойынша 8,5 млн. теңге көлеміндегі несиеге 47 бас ірі-қара төлі мен екі бұқа сатып алады. Осыдан екі жыл бұрын қожалық басшысы өз қаражатына Күршім ауданынан 60 сиыр мен 4 бұқа сатып алған болатын. Бүгінде нәтиже жаман емес. Өткен екі жыл

ішінде мал басының саны 180-ге жетті.

Ірі-қараны ұстау үшін шаруа қожалығында арнайы, екі үлкен, әрқайсысы 450 басқа есептелген мал қоралары бар. Бұл орындарды шаруашылық басшысы 2005 жылы «Отан» ШҚ-нан сатып алған.

Шаруа қожалығының кішігірім болса да ынтымағы жарасқан еңбек ұжымында 15 адам жұмыс істейді. Қалғаны тек жазғы уақытта ғана жұмысқа тартылады. Жұмыскерлерді де қожалық басшысы өзі іріктеген. Барлығы да өз істерінің майталмандары, шаруашылықтың қыр-сырымен жіті таныс адамдар. Олар механизаторлар - Қыдан Мұсақанов, Серікбол Үшпаев, Андрей Носков, Рафхат Нағұманов, малшылар – Владимир Петров, Бақыт Сабырбаев, Қайрат Ақаев және тағы басқалар. Нұрлыбек Қасайынұлы өз ортасынан ешкімді бөле-жара қарамайды, барлығы да жауапкершілікті сезінетін, ортақ іске бір атаның ұлдарындай жұмыла кірісе еңбек адамдары дегенді айтады.

Әңгімемізді жалғастыра отырып, Нұрлыбек Қараталов шаруа қожалығының алда көздеген міндеттері мен жоспарлары туралы ой бөлісті.

-Болашақта кішігірім тауарлы-сүт



фермасын ашуға барлық күшімізді саламыз. Бұл менің көптен бері ойлап жүрген арманым. Қытайдан арнайы сүт сауатын құрылғы алдыруға тапсырыс беріп қойдық, осы айдың соңында әкелуі тиіс. Сонымен қатар, ауыл ішіндегі бұрынғы Кеңестік заманның кезінде әмбебап дүкені орналасқан ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіп, астыңғы қабатына «Тойхана», екіншісіне наубайхана ашу да жоспарымызда бар. Бастысы, ісімізді жергілікті билік орындары қолдаса болғаны, - дейді ол.

Сөз соңында тағы бір айтатын жайт, аталмыш шаруа қожалығы басқа еңбек ұжымдарымен бірлесе отырып, ауыл ішіндегі жолдарды қардан тазарту жұмыстарымен де айналысады екен.

Тимур СМАҒҰЛОВ.
Сурет автордікі.



Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдауы – еліміздің кез келген тұрғыны өмірінде елеулі орын алар оқиға.

Әрбір қазақстандық азамат бұл құжаттан өзіне қажет деп есептеген бағыт-бағдарларды таңдайды.

Жолдауда Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бүгінгі таңда әлемді жайлаған қаржы дағдарысы кезінде мемлекет дамуының басты кезеңдерін айқындады. Ағымдағы жылда елімізде атқарылар негізгі міндеттер көрсетілген, нақтырақ айтсақ, бұл жаңадан жұмыс орындарын ашу,

тұрғын үй-коммуналды шаруашылықты жетілдіру, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңарту, әуелі, бұл жалпы білім беру мекемелері, сонымен қатар, қазіргі таңда маңызы зор – шағын және орта бизнеске қаржылай көмек көрсету де бар.

Елбасы шетелдік инвестицияларды елімізге белсенді тартуды және соңғы үлгідегі заманауи озық технологияларды енгізуді белгілеп отыр. Мен ауылдық жердің тұрғынымын. Сондықтан мен үшін Президенттің шағын және орта бизнеске, агроөндірістік кешеннің дамуына көп қаржының бөлінуі туралы айтқан сөздерін есту өте маңызды болды.

Көп жылдар көлемінде ауылдық жерде өзімнің сауда-саттық бизнесімді жүргізудемін. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың

арқасында қазір ауылдарда адамдар бизнеспен белсендірек айналысып келеді. Өткен жылғы Президент Жарлығы бойынша жарияланған шағын және орта бизнеске тексеру жүргізу туралы мораторийі бизнес құрылымдардың қалыпты жұмыс жасауларына кедергі келтіретін себепсіз тексерулерге тыйым салуға ықпал етті.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы, жас та болса, болашағы зор мемлекетіміздің дамуына үлес қосуы қажет. Еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақтастықтың орнауы көп жағдайда Елбасының парасатты және көреген саясатының арқасында деп білемін.

**Бақытжан Мырзашева,
жеке кәсіпкер,
Солонька ауылы.**



Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында

Хат тасушы Королева



Ол келгенде, ауылдастарының өне-бойы толқып «хат тасушы қыз бізге қандай хабар әкелді екен?» деген үрейлі ойды көздерінен байқауға болатын еді. Ал ол, бірде адамдардың қуанышын бөліссе, бірде, жанарын жасырып, шапшаң адымдап, көзден ғайып болатын...

Сол уақыттағы көптеген замандастарыныңдай, Лиза Королева үшін де өмір сынағы бастауыш мектепті аяқтаған соң-ақ басталды. Оған себеп болған – соғыс...

1941 жылы он бір жасар Лиза жазғы каникул кезінде Жазаба ауылындағы поштаға хат тасушы болып жұмысқа орналасады. Бәлкім, сондықтан да болар, тек үрейлі 22 маусым ғана емес, одан кейінгі күндер де оның есінде өмірінің соңғы күндеріне дейін сақталды.

Катонқарағай аудандық «Луч» газетінің 1975 жылдың 18 қаңтарындағы санында газеттің меншікті тілшісі, марқұм Елизавета Королева «Хат тасушы» («Письмо-сец») атты мақаласында: «Ол уақытта телефон байланысы өте нашар еді, аудан орталығы шалғай, Большенарымдағы әскери комиссариаттың әскерге шақырылушы азаматтардың таңғы сағат 10-да әскери комиссариатқа келуін қамтамасыз ету туралы ауылдық Кеңес төрағасының атына жіберілген телефонхаты түнде жететін. Түнделетіп, телефонхатты төрағаға жеткізген мен, кімнің анасы немесе зайыбы жанары жасқа толып, ұлын немесе жұбайын жедел түрде ұзақ жолға жинайтынын біліп отыратын едім.

Көп ұзамай, мен қарындашпен асығыс жазылған үйреншікті хаттармен бірге, сарбаздардың қисық-қыңыр әріптермен жазылған, умажалған үшбұрышты хаттарын да тарата бастадым. Бұл хаттарды олар ұрыс арасындағы үзілістерде, үстелдің орнына тізелерін немесе қаруластарының арқаларын төсеп жазатын сыңайлы.

Осы бір үшбұрыш хаттарды әрбір үйде таратсыздана күтетін. Ауылдастарым мені үрейлене де үміттене қарсы алатын. Хат келсе, менің қолымнан жұлып алып, әбігерге түсіп, қолдарымен сылап-сипап, дауыстап оқу үшін маған қайтарып беретін.

Хатты оқып болған соң, тез арада жауап жазып, ертеңінде жіберуімді өтінетін, хат жазу үшін бір парақ қағаз іздеп табатын. Мекен-жай мен не жазу керектігін мен өзім білетінмін...»



Елизавета Афанасьевна ол уақытта тылдағы ауылдың хал-ахуалын айнытпай суреттей білген.

«Егер хат ұзақ уақыт кешігіп келсе, мен келген поштаны іріктеп алған соң, күн-түн демей, көптен күткен хатты иесіне дереу жеткізуге тырысатыным: есік қағып, «Бұл кім?» деген дәстүрлі сауалды күтпей-ақ: «Мен пошташымын, Сіздерге хат әкелдім» деп дауыстайтынмын.

Түн қараңғысында қуаныштан қолдары қалтыраған әйелдер майшам жағып, келген хатты маған оқытатын. Мені отырғызуға жер таппайтын.

Елизавета ауылдағы отбасыларға тек қуанышты хабар ғана әкеліп қоймайтын...

Өзге ауылдардағы пошташылармен телефон арқылы хабарласқан Елизавета, «қара қағаздың» қандай болатынын біліп алған еді. Алғашқы төрт бұрышты ақ конверт Жазабадағы Шарипа Байжуминоваға келді.

Үш бұрышты хаттың орнына бұл үйге қайғылы хабар әкелген бұл қасіретті күн менің есімнен кетер емес,- деген еді Елизавета Афанасьевна. –Бұл үйге кіруге жүрегім дауаламай, екі күн қиналды. Үшінші күні «қара қағазды» Шарипаның ата-анасына табыс еттім, мұндағы мақсатым – олар ебін тауып, Шарипаға қайғылы хабарды естіртсе дегенім. Мен ұзын бойлы, мейірімді, үнемі жайдары мінезімен көпшіліктің сүйіктісіне айналған Байжуминов Мұсаның қаза тапқандығын көз алдыма елестете алмадым. Ол балаларды өте жақсы көретін. Жыл бойы кеңшарда көлік жүргізетін. Жай айларында ат арбамен жүретін. Арба бос болса, реті келгенде, балаларды отырғызып,

серуендететін. Өз үйінің жанынан өтіп бара жатып, өзін көріп, мәз-мәйрам болған екі баласын да арбаға салып алатын.

Енді міне, Мұсаның қаза тапқандығы туралы қаралы хабар келіп жетті...»

Кейіннен Амансиков Сейілханның, Шушенков Артемның және Елизаветаның басқа да ауылдастарының қайтыс болғандықтары туралы дәл осындай хаттар келді. Қаралы хабарды жеткізген хаттар келген сайын, ол бұл үйге еңсесі түсіп өзер кіретін, хатты берісімен, шапшаң адымдап, жұмысбастылығын сылтауратып, кетіп қалатын.

«Біз неміс танкілерін, атылған оқты, жарылған бомбалар мен снарядтарды көрген жоқпыз. Бірақ, шалғайдағы соғыстың жаңғырығындай, бізге жерлестеріміздің қаза тапқандығын жеткізген ақ конверттер келіп жататын. Олар біздің жүрегімізге мәңгі өшпес жара салды. Мүмкін, осының салдарынан болар, біз шаршағанды, ұйқы дегенді ұмыттық, өзіміз үшін де, қаза болғандар үшін де еселі еңбек еттік. Өйткені, тылдағылар: «Барлығы майдан үшін! Барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранмен өмір сүрді. Кеңес адамдары барлық жиган-тергендерін майданға жөнелтті. Мемлекеттің әрбір тиыны есепте болды», - деп жазды ол.

1941 жылы Жазаба бастауыш мектебі жетіжылдық болып өзгертілді. Ал, бұл үшін біршама қаражат жұмсалды! Бұл туралы катонқарағайлықтар, әсіресе, жастар біле ме екен? Меніңше, білмейді. Ал бұл, Ұлы Отан соғысының аласапыран жылдарында әскерлердің үшбұрыш хаттарын ауылдарға таратушыларға лайықты ізбасарлар даярлау үшін көрегендікпен жасалған.

Ол уақытта ауылда 150-ге таяу отбасылар болған, олардың көпшілігі – көпбалалы отбасылар еді. Содан бері 74 жыл өтті, қазір Жазаба ауылындағы тоғызжылдық мектепте небәрі 25 бала білім алуда...

Ардақты ана, 40 жылға таяу Катонқарағайдағы мектепте орыс тілі мен әдебиетінен дәріс берген талантты ұстаз Елизавета Афанасьевна Королеваның одуниелік болғанына 9 қаңтарда бір жыл толды.

**Шамиль Багаутдинов.
Сурет Е. Королеваның
немересі Ольга Шершневаның
отбасылық мұрағатынан
алынған.**

Көмек көрсетілді



Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған шаралар аясында ауданда соғыс ардагерлеріне қолдау көрсету жалғасуда.

Жаңа жыл қарсаңында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен өткізіліп отырған Жалпыұлттық акция аясында мемлекет Басшысының соғыс ардагеріне гүл шоқтарын және арнайы жаңажылдық сыйлықтарын табыс ету жүзеге асырылды.

Мұндай құттықтауға Приморск ауылының тұрғыны Иван Михайлович Бастаногов та ие болды. Қолайлы сәтті пайдаланып, Иван Михайлович отынмен қамтамасыз етуді өтінген еді. Көп ұзамай, оның тілегі орындалды. Ардагерге екі текшеметр отындық ағаш Белқарағайдан әкелінді.

И.М. Бастаногов Белқарағай (Медведка) ауылының тумасы. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Қиыр Шығыста соғысты. Денсаулығына байланысты госпитальға түсіп, Нижний Тагил қаласында емделді. Екінші топтағы мүгедек. Отан соғысы орденімен, көптеген мерейтойлық медальдармен, «Григорий Жуков» медалімен марапатталған.

Соғыстан кейін Голубовкадағы «Красный Алтай» ұжымшарында, 1955 жылдан бастап 18 жыл бойы Медведка орманшылығында орманшы, сол жерде 14 жыл омарташы болып еңбек етті.

Зайыбы Ульяна Ивановна екеуі 68 жыл бойы тату-тәтті өмір сүруде.

–1993 жылы Приморскіге, ұлдарыма көшіп келдік,- дейді Ульяна Ивановна. –Ұлдарымыз бірінен соң бірі қайтыс болды. Жасымыз болса, егде тартты, көмекке зәруміз. Үй шаруасына келіміз бен әлеуметтік қызметкер Наталья Кастерина көмектеседі. Оларға ризамыз.

–Туған жерімнен әкелген отын үшін рахметімізді айтамын,- дейді ардагер.

23 ақпанда Иван Михайлович 90 жасқа толады. Біз оны таяп қалған мерейтойымен құттықтаймыз, зор денсаулық тілей отырып, Ұлы Жеңіс мерейтойын көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алуына тілектеспіз.

**Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.**

(Жалғасы. Басы газеттің өткен сандарында.)		2016 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті	
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	31395,0	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1050,0
Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11228,0	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	52309,0
Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	13529,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	12664,0
Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	6142,0	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12534,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	130,0	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	130,0
Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	366,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	11227,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	23822,0	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	11227,0
Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7346,0	Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	9327,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	9327,0
Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2075,0	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9167,0
Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	14201,0	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	160,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) туризм бөлімі	9024,0	Көлік және коммуникация	130482,0
Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5585,0	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	48859,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	260,0	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	48859,0
Туристік қызметті реттеу	2919,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	81623,0
Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	260,0	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	79180,0
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	94730,0	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданишілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	2443,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	70839,0	Басқалар	55585,0
Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15742,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	16729,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	347,0		
Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1391,0		

Атауы	Сомасы (мың теңге)	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	29103,0
II. Шығындар	3197086,0	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	155213,0
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	325192,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	155213,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13892,0	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23426,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	96235,0	Жұмыспен қамту бағдарламасы	27837,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	95654,0	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	22140,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	581,0	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	5208,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	178779,0	Тұрғын үйге көмек көрсету	1440,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	174099,0	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	4339,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4680,0	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1734,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	18604,0	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	913,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16324,0	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	43811,0
Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	450,0	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	17739,0
Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1700,0	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	260,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	130,0	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	2468,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	17682,0	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	3768,0
Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17422,0	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	130,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	260,0	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	166834,0
Қорғаныс	18585,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	80009,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	18585,0	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	1100,0
Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	14005,0	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	4450,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	4580,0	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	40410,0
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1000,0	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2300,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1000,0	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	4458,0
Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1000,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	11205,0
Білім беру	2008202,0	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	16086,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	81535,0	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	67702,0
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	81535,0	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	33585,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1926667,0	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	11768,0
Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6829,0	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	70,0
Жалпы білім беру	1800456,0	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	22279,0
Балаларға қосымша білім беру	55217,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	14623,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік көшпендерді сатып алу және жеткізу	18006,0	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	14623,0
Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	17056,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	4500,0

ОФИЦЕР - ердің маманы!

Отанын сүйіп, оған қызмет ету-әрбір азаматтың міндеті. Сондай қызметтердің бірі-әскери қызмет екені белгілі. Өмірі мен болашағын әскери қызметпен байланыстырғысы келетін азаматтардың әскери оқу орындарында білім алып шығу мүмкіндіктері бар.

Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі әскери жоғары оқу орнына жыл сайын үміткерлерді қабылдау үшін іріктеу жүргізеді. Жоғары әскери оқу орнына Қазақстан Республикасының әрбір 17 жасқа толған, 21-жастан аспаған, Кадет және Жасұлан мектеп-интернатын бітірген түлектер, жедел мерзімді әскери қызметін атқарған және 23 жастан аспаған запастағы әскери міндеттілер, сондай-ақ, 25 жастан аспаған, келісімшарт бойынша қызмет атқарған және жалпы орта білімі бар ер азаматтар қабылданады.

Үміткерлер 2015 жылдың қаңтар айынан бастап, шілде айының 25-не дейін Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп, өтініш жазады. (өтініште аты-жөні, тегі, туған жылы, жері, мекен-жайы, ниет білдірген жоғарғы әскери оқу орнының атауы көрсетіледі).

Үміткерлер аудандық дәрігерлік куәландырудан өтіп, денсаулығы жарамды азаматтар облыстық дәрігерлік куәландыруға бағытталады. Жеке ісі қажетті құжаттарымен оқу орнына бағытталады. Оқу орнының қабылдау комиссиясы түскен құжаттарды мұқият тексеруден өткізгеннен кейін аудандық

қорғаныс істері жөніндегі бөлім арқылы үміткерлерге сынақ тапсыру үшін әскери жоғарғы оқу орнына келуін хабарлайды. Үміткерлерді кәсіби тұрғыда іріктеуден өткізу төмендегідей:

- психологиялық тест тапсыру;
- дене шынықтыру дайындығы;
- 3000 м жүгіру;
- 100 м жүгіру;
- турникке тартылу.

Үміткерлер Ұлттық Бірыңғай тестілеуден қорытындысы бойынша оқу орнына барады. ҰБТ тапсыру кезінде негізгі пәндерге (қазақ тілі, орыс тілі, Қазақстан тарихы, математикаға) қосымша физиканы таңдауы қажет.

Сондай-ақ, мектеп бітіретін түлектерге Щучинск қаласындағы Ш.Уалиханов атындағы Кадет Корпусына 1 жыл 10 айлық білім алып шығуға 11-шы сыныптан кейін мүмкіндік бар. Кадет Корпусын аяқтаған түлектерге «сержант» шені беріліп, жоғары әскери оқуға түсуге жолдама алады, яғни, олар өз еркімен Қазақстан Республикасының әскери жоғары оқу орындарына және Ресей Федерациясының әскери оқу орнына барып ары қарай әскери оқуға түсуге зор мүмкіндік бар. Аталған әскери оқу орнына ҰБТ қорытындысы бойынша 30 ұпай жинаған үміткерлерде бара алады.

Барлық әскери оқу орнына түскен азаматтар жатақхана, үш уақыт тамақтану, ақшалай көмек, киім, қажетті оқулықтармен қамтамасыз етіледі. Жыл сайын қыс-жаз айларында 30 тәуліктік және 2 апталық кезекті демалысқа жіберіліп отырады. Жоғарғы әскери оқу орнын аяқтаған түлектерге «ЛЕЙТЕ-

НАНТ» әскери атағы және жоғары әскери мамандығы бойынша диплом беріледі.

Қазақстан Республикасында төмендегідей жоғары әскери оқу орындары бар:

- 1.Құрлық әскерлері әскери институты (Алматы қаласы);
- 2.Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты (Алматы қаласы);
- 3.Т.Бигельдинов атындағы Әскери әуе күштері институты (Ақтөбе қаласы);
- 4.Ш.Уәлиханов атындағы Кадет корпусы (Щучинск қаласы);
- 6.С.Нұрмағамбетов атындағы «Жасұлан» мектеп-интернаты (Астана қаласы).

Сондай-ақ, Ресей Федерациясы, Түркия Республикасы, Германия Демократиялық Республикасы әскери оқу орындарына мемлекеттік және орыс тілдерін білетін, математика, физика пәндерін жоғарғы деңгейде меңгерген, ағылшын тілінен хабардар, сондай-ақ компьютерде жұмыс істей білетін үміткерлер қабылданады.

ОФИЦЕР мамандығын алуға ниет білдірген үміткерлер Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне хабарласып, толық мағлұмат алуға болады. Байланыс телефондары: 8-723-41-2-15-47, 2-17-07.

М.Саябаев,
келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерді қабылдау және әскерге шақыру бөлімшесінің бастығы, капитан.

Құттықтаймыз!

Катонқарағай ауылының тұрғыны Ибраева Назимаға!

Елуге келіп қалды жасың бүгін,
Сан белес, асулардан өттің бүгін.
Қартаймай жүре берші ортамызда,
Жасыңа жас тілейді бүкіл жұртың.
Басыңа бағың қонды көрінбейтін,
Мықтысың, аяулысың, жанашырсың.
Мен білсем, о ағайын тілім тасқа,
Алланың сүйген құлы сен боларсың.
Өткен өмір жолыңды санап берсем,
Тентек қыз ешкімге де дес бермейтін.
Отбасыңды басынып бас бермейтін,
Қатарластың алдында оза шауып,
Атақ, абырой, мансапты қош көрмейтін.
Қос ұлың қос жұлдызың маңдайдағы,
Досың көп, дұшпаның жоқ, жау алмайды,
Нысаналы Шыңғысың аман болып,
Жылытар кеулеп алған жыртығыңды.
Келінің Ақмаралдай есті болсын,
Қос ұлың ел басқарар мықты болсын!
Тойларың үлкен тойға ұласып бір,
Айнадай немерең оңынан болсын.
Жеңе білдің өмірдің белестерін,
Өрзе шықтың ізін бар шұбап жатыр.
Өтер заман еншісі бұйырыпты,
Атың мәлім, ұрпағың мақтан тұтар.



Ізгі тілекпен: туған-туысқандары атынан сіңлісі - Нәзигүл.

Еңбек ауылының тұрғыны, аяулы анамыз, асыл әжеміз Көбешова Қаныша Замзарханқызын 27 қаңтар күні 55 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!


Алла жар боп жүре бер арамызда,
Сенсіз біздің шырағымыз жанады ма?
Жүзіңнен бал-бұл жанған айналайын,
Аяулы әже, адал жар, асыл ана.



Ізгі тілекпен: жұбайы, балалары, немерелері - Едіге, Инабат, Айару.

Майемер ауылының тұрғыны, досымыз Абдрашев Алтынды мерейжасымен шын жүректен құттықтай отырып, төмендегі жыр шумағын арнаймыз:

Үзілмесін өміріңнің жыр-әні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңнің тек зейнетін көре бер,
Келер күннің сәулелі боп шуағы!



Ізгі тілекпен: сыныптастары.

Хабарландырулар

4 бөлмелі екі деңгейлі қолайландырылған пәтер сатылады. Барлық шаруашылық құрылыстары, моншасы, көлік-жайы, бау-бақшалық жері бар. Бағасы келісім бойынша.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Амангелді к-сі, 80 үй, 4-ші пәтер. Тел. 2-93-07; 8705-752-06-50.

Іс-қызметін тоқтатуына байланысты 2008 жылдың 15 қыркүйегінде аудандық Әділет басқармасының «Тлеспай» ЖШС-нің атына берген сериясы В №0305315 мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жарамсыз деп танылсын.



Ақсу ауылының тумасы болған **БАУЫРЖАНҰЛЫ АРМАННЫҢ** қайтыс болғанына бір жыл толды. Ол салмақты мінезімен достары арасында сыйлы еді. Арманның жарқын жүзі өмір бойы есімізде сақталады.
Тағдырға адам шара қыла алмайды,
Ойламай кеткен жанды тұра алмайды.
Соңында қалған туыс-жұрағатың,
Мәңгілік сені есінен шығармайды.

Еске алушы: туған-туысқандарының атынан апайы - Мансия.

Яры негізгі орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімдері Сакарғалиева Гүлжанға, Айгүлге және қамту қызметкерлері Айжанға, Нұрлыбекке **аналарының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады



Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаменті Катонқарағай ауданының Статистика басқармасы

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ №8 2015 жылғы 20 желтоқсан

Статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда ҚР Статистика агенттігі ШҚО Статистика департаменті Катонқарағай ауданының статистика басқармасына сілтеме жасау міндетті.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қысқаша қорытындылары

2014 жылы қаңтар-желтоқсан айларында жұмыскерлерге есептелген орташа айлық жалақы 61761 теңгені құрады. 2013 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 106,7%.

2014 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 3 015,3 млн. теңге, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің 146,9% құрады.

2014 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы бөлшек саудада тауар айналымының көлемі 2 879,8 млн теңге немесе өсім 2013 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,3% құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өндірілген тұтастай өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 2 371,0 млн. теңгені құрады, оның ішінде тау-кен өнеркәсібі 38,4млн теңге немесе 2013 жылғы қаңтар-желтоқсандағы деңгейдің 14%. Өңдеу өнеркәсібінде 2 084 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылғы деңгейдің 103,4% құрады. Тамақ өнімдерін өндіру 1 273,3 млн теңге, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 1,5%.

2014 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 15 422,6 млн теңгені құрады. Нақты көлем индексі өткен жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 102,6%. Өсімдік шаруашылығы өнімінің нақты көлем индексі 92,9%, мал шаруашылығы өнімінің нақты көлем индексі 109,9% орындалды.

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының саны 120 бірлікті құрады, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 87, оның ішінде белсенді кәсіпорындар саны 80, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,3%.

Ерік Мамыров,
аудандық статистика басқармасының басшысы.

Еске алулар



Аяулы ұлымыз, бауырымыз тәжік-ауған шекарасында өзінің интернациональдық азаматтық борышын өтеп жүргенде ерлікпен қаза тапқан 11-дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, кіші сержант **РАДЖАН АРМИЯҰЛЫ БАТЫРХАНОВТЫ** сағынышпен еске аламыз. Егерде ол аман болып ортамызда тірі жүрсе 27 қаңтарда 40 жасқа толар еді.

Көре алмай бұл өмірдің көп қызығын
Тата алмай тіршіліктің тәттілігін.
Жалындап жанып тұрған жас шағыңда.
Өттең-ай!, ерте сөнді-ау от-ғұмырың
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда
Тәтті күлкін, сұлу бейнең жадымызда

Әулеттің үкілеген үміті едің,
Амал не жоқсын бүгін ортамызда.
Мәңгілікке өшпейтін атың ғана,
Қалды ғой барлығымыздың санамызда.
Жатқан жерің жұмақ, топырағың мамық
болсын.

Сағынышпен еске алушылар: анасы мен туған-туысқандары.

Майемер ауылының тұрғыны болған анамыз **БАЙТЕМІРОВА ҚАНШАИМНЫҢ** қайтыс болғанына 40 күн толуына орай зор сағынышпен еске аламыз.

Өзіңді сағынышпен еске аламыз,
Бастаған ұлы өмірдің көшін ана.
Өзіңнен өсіп-өндік, тәлім алып,
Пендеміз бұл тағдырға бағынарлық.
Рухыңа бағыштадық құран-дұға,

Ұрпағың есіміңді жадына алып.

Еске алушылар: енесі, жұбайы, балалары.

31 қаңтарда сағат 12.00-де Майемер ауылында марқұм анамыздың аруағына құран бағышталып, ас беріледі. Асқа барлық туған-туысқандарды, ауылдастарымызды, дос-жарандарымызды шақырамыз.

Директор-редактор

Жомарт Жақыпов

Компьютерлік беттеу операторы:
Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Жанар Қасымханова

Құрылтайшы:

ШҚО Қаржы басқармасы.
Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.

Телефондар:

Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail. ru

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді.
Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3.
Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. **Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5697 тапсырыс.